Автор: Аманова Арай
Пән: XXI ғасыр дағдылары
Сынып: Үйренуді үйрену
Бөлім: Үйренуді үйрену
Тақырып: Сыни ойлау және ақпаратты саралау

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	Факт, пікір және болжамды ажырату; ақпарат көздерін салыстыру; деректің сенімділігін тексеру; дәлелді қорытынды жасау.
Сабақтың мақсаты:	Білім алушыларды ақпаратты сыни қабылдауға, дереккөздерді тексеруге және негізделген қорытынды жасауға үйрету.
Тілдік мақсаттар:	Факт, пікір, дәлел, дереккөз, сенімділік. «Мен бұл тұжырыммен келісемін, өйткені...» деп ойын негіздеу.
Күтілетін нәтиже:	Факт пен пікірді ажыратады; ақпарат сенімділігін тексереді; бірнеше дереккөзді салыстырады.
Бағалау критерийлері:	Факт пен пікірді жіктейді; сенімділіктің кемінде екі белгісін анықтайды; қорытындысын дәлелдейді.
Құндылықтарды дарыту:	Адалдық, жауапкершілік, шындыққа құрмет, ақпараттық мәдениет.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интернеттен ақпарат іздеу; авторы мен жарияланған күнін тексеру; онлайн кестеде деректерді салыстыру.
Пәнаралық байланыс:	Информатика – ақпарат іздеу; қазақ тілі – мәтін талдау; тарих – дереккөздер; құқық – ақпарат тарату жауапкершілігі.
Бастапқы білім:	Интернеттен ақпарат іздейді, жаңалық оқиды; факт пен пікір туралы бастапқы түсінігі бар.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	**Жоспарланған іс-әрекет**	**Ресурстар**
Сабақтың басы (7 минут)	1. Ұйымдастыру кезеңі (2 минут). Оқытушы білім алушылармен амандасып, сабақтың тақырыбы мен мақсатын таныстырады. Ой қозғау сұрағы: «Интернетте жарияланған барлық ақпаратқа сенуге бола ма? Неліктен?» 2. «Шындық па, әлде пікір ме?» тапсырмасы (5 минут). Білім алушыларға үш тұжырым ұсынылады: - «Қазақстанның астанасы – Астана». (Факт) - «Онлайн оқу дәстүрлі оқудан тиімдірек». (Пікір) - «Болашақта жасанды интеллект көптеген мамандықтың мазмұнын өзгертеді». (Болжам) Білім алушылар тұжырымдарды жіктеп, жауаптарын түсіндіреді. Оқытушы факт, пікір және болжам арасындағы айырмашылықты нақтылайды.	презентация, интерактивті тақта, Mentimeter платформасы.

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (25 минут)	1. Жаңа тақырыпты түсіндіру (7 минут). Оқытушы сыни ойлау ұғымын және ақпаратты саралаудың маңызын түсіндіреді. Негізгі ұғымдар қарастырылады: - Факт – дәлелдер арқылы тексеруге болатын мәлімет. - Пікір – адамның жеке көзқарасын білдіретін тұжырым. - Болжам – белгілі бір деректерге сүйеніп жасалған ықтимал тұжырым. - Дереккөз – ақпарат алынған материал немесе ресурс. - Сенімділік – ақпараттың дәлелдермен расталу және тексерілу деңгейі. Ақпараттың сенімділігін тексеруалгоритмі таныстырылады: авторын анықтау, жарияланған күнін тексеру,дереккөзді бағалау, басқа ақпарат көздерімен салыстыру және дәлелдерді талдау. 2. Топтық жұмыс. «Ақпарат детективтері» (10 минут). Білім алушылар үш топқа бөлінеді. Әр топқа бір тақырып бойынша екі түрлі ақпарат көзі немесе оқу мақсатында дайындалған жаңалық мәтіндері ұсынылады. Тапсырма: 1. Ақпарат көздерінің авторы мен жарияланған күнін анықтау.2. Мәтіндегі фактілер мен пікірлерді ажырату. 3. Ақпараттың сенімділігін кемінде екі белгі бойынша бағалау. 4. Екі дереккөзді салыстырып, дәлелді қорытынды жасау. Топтар нәтижелерін таныстырып, «Мен бұл тұжырыммен келісемін, өйткені...» құрылымы арқылы өз пікірлерін негіздейді. Бағалау критерийлері: факт пен пікірді ажыратады; сенімділіктің кемінде екі белгісін анықтайды; салыстыру негізінде қорытынды жасайды. 3. Жеке жұмыс. «Ақпаратты тексерудің 5 қадамы» (8 минут). Білім алушыларға интернетте кездесетін мынадай тұжырым ұсынылады: «Ғалымдар күніне 10 минут кітап оқу адамның есте сақтау қабілетін екі есе арттыратынын дәлелдеді». Білім алушылар ақпараттың сенімділігін тексеру үшін: - тұжырымның бастапқы дереккөзін іздейді; - зерттеудің авторы мен жарияланған уақытын анықтайды; - нақты ғылыми дәлелдердің бар-жоғын тексереді; - өзге сенімді дереккөздермен салыстырады; - ақпараттың расталғаны, расталмағаны немесе дәлелі жеткіліксіз екені туралы қорытынды жасайды. Оқытушы оқушылардың талдауын бағалап, кері байланыс береді.	презентация, интернет, жаңалық мәтіндері, ақпаратты салыстыру кестесі, Google Sheets немесе Padlet платформасы.
Сабақтың соңы (5 минут)	«Сенімді ақпараттың үш белгісі» қорытынды тапсырмасы. Білім алушылар сабақта алған білімдерін жинақтап, төмендегі сұрақтарға жауап береді: 1. Факт пен пікірдің негізгі айырмашылығы қандай? 2. Ақпараттың сенімділігін қалай анықтауға болады? 3. Күмәнді ақпарат кездескенде қандай әрекет жасау қажет? Оқытушы ақпаратты сыни қабылдау, бірнеше дереккөзді салыстыру және дәлелсіз мәлімет таратпау ақпараттық мәдениеттің маңызды көрсеткіштері екенін қорытындылайды.	презентация, интерактивті тақта.
Рефлексия (3 минут)	«3–2–1» әдісі. Білім алушылар сабақ бойынша кері байланыс береді: - 3 – ақпараттың сенімділігін тексерудің үш тәсілі; - 2 – сабақ барысында меңгерген екі жаңа ұғым; - 1 – ақпаратпен жұмыс істеуде өзгертетін бір әрекеті. Білім алушылар жауаптарын ауызша немесе Padlet платформасында ұсынады. Оқытушы жауаптарды талдап, сабақ мақсатына қол жеткізу деңгейін анықтайды.	Ресурстар: Padlet платформасы, смартфон немесе стикерлер.